



Автор: Сайранова Ақмарал Сайранқызы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Ақпаратты ұсыну

Тақырып: Екілік кодтау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.1.2- компьютерге арналған барлық ақпарат екілік код түрінде берілетінін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Компьютерде ақпарат қалай көрсетілетінін түсіну
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Ақпараттың екілік көрінісі не екенін түсіндіре алады. Екілік кодтың қолдану себептерін түсіндіре алады. Пәнге тән лексика мен терминология : Екілік код, 0 және 1, ақпарат Диалог пен құжаттарға арналған пайдалы сөйлемдер: Компьютерде өңделетін барлық ақпарат ...көрсетілген Екілік көрініс – бұл..
Бағалау критерийлері:	Компьютерде ақпарат қалай көрсетілетінін біледі
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық, тиімді байланысқа түсу дағдыларын білім беру, нақтылап айтқанда, жұптық және топтық жұмыс арқылы дамыту.
Пәнаралық байланыс:	Қайталауға арналған тапсырманы орындау кезінде орыс тілімен байланысты. Электрлік дыбыстар ретінде ақпаратты тарату принципін түсіндіру кезінде физикамен байланысты
Бастапқы білім:	Оқушылар ақпаратты тарату үрдісімен, ақпаратты шифрлеу қажеттілігі туралы таныс болу керек.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру. Мұғалім оқушылардың сабақтың басына дайындайды, және ойын ретінде «Мәтіндік ақпаратты кодтау» тақырыбы бойынша қайталауды және тест ұсынады. Мұғалім сабақтың тақырыбымен таныстырып, бағалау критерийлерін айтады.	
Сабақтың ортасы (15 минут)	Мұғалім жаңа материалды түсіндіреді, оқушыларға түсіндіру мәнеріне қарай дәптерге қажетті ақпаратты жазуды ұсынады. Компьютерде ақпаратты көрсету үшін екілік кодтау қолданылады, өйткені, екіден аспайтын күй түрін 100 пайыздық кепілдікпен сақтауға және анықтауға мүмкіндік беретін техникалық құрылғы жасалды: · электромагниттік реле (ашық/жабық), алғашқы ЭЕМ құрылысында жиі қолданылды; · ақпараттың магнитті тасығыш жазықтығының участогі (магниттелген/магниттелмеген); · лазерлі диск жазықтығының участогі . Компьютердегі барлық ақпарат түрлері машина тілінде, 0 және 1 логикалық кезектілігі түрінде кодталады. Компьютердегі ақпарат екілік код түрінде көрсетілген, оның әліпбиі екі саннан тұрады (0 және 1). Мұғалім оқушыларға ой талқылау үшін сұрақ ұсынады; Неге адам санаудың ондық жүйесін, ал компьютер екілік жүйесін қолданады? Және оқушылар көз қарастарын ұйымдастырады. Мұғалім оқушыларға жеке жұмыс тапсырмаларын таратады. Оқушылар жеке жұмысты орындайды.	
Сабақтың соңы (10 минут)	Мұғалім орындалған тапсырмаларды сыныппен тексеруді ұйымдастырады. Қажет болған жағдайда оқушылар жауаптарын талқылау. Қосымша тапсырма. Мұғалім жаңа тақырып бойынша сөзжұмбақ шешуін ұсынады. Тапсырманы орындап болған соң, өзін өзі тексеруді оқушылар орындайды.	
Рефлексия (5 минут)	«3-3-1» рефлексия әдісі Оқушылар сабақта не түсінгені және не білгені туралы үш сөйлем жазады. Одан соң, осы үш сөйлемнен бір сөзден таңдап аламыз, барлығы үш сөз. Осы үш сөзден бір сөзді таңдайды.	